

Тұрғын үй қорының сақталуын қамтамасыз ету және ұсынылатын тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 қыркүйектегі N 1348 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері халықта ұсынылатын тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің тиісті сапасын, тұрғын үй қоры мен коммуналдық мақсаттағы объектілердің техникалық жарамдылығын қамтамасыз ету м а к с а т ы н д а :

қыс алдындағы шараларын орындај және бұл жұмыстардың сапасына міндettі бақылау жасай отырып тұрғын үй қорының, коммуналдық мақсаттағы объектілердің және инженерлік жүйелердің техникалық жағдайын жүйелі түрде тексеруді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

жеке меншікке сатып алынбаған аулаішлік инженерлік желілерге олардың бөліну шекараларына сәйкес қызмет көрсету жөнінде шаралар қабылдасын;

1998 жылдың 1 қаңтарына дейін мемлекеттік және жеке (көп пәтерлі тұрғын үйлердің) тұрғын үй қорының күрделі жөндеуге арналған қаражатқа деген қажетін айқындастын. Тұрғын үй қорының жарамдылығын негізгі конструкциялық элементтердің, инженерлік желілердің, жабдықтардың және құрылымдардың техникалық жағдайына сүйеніп айқындастын;

1998 жылдың ішінде, қажет болған жағдайда қалаларды жер асты және басқа да сулардың басуынан инженерлік қорғау, жер асты жұмыстарынан пайда болған зардалтарды жою және басқа да мүмкін болатын табиғи және техногенді сипаттағы жағдаяттар зардалтарының алдын алу шараларын әзірлесін;

тұрғын үйлерді сейсмикалық нығайту, күрделі жөндеу, қайта жаңарту және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсаттарды ресімдеудің оңайлатылған тәртібін белгілесін;

1998 жылдың 1 қаңтарына дейін аймақтың экологиялық жай-күйін ескере отырып, су құбыры - канализациялық шаруашылықтар мен коммуналдық жылу энергетикасын дамытудың аймақтық бағдарламаларын әзірлесін және оларды қаржыландырудың көздерін айқындастын;

қызмет көрсетудің тиісті сапасы мен құнын қамтамасыз ететін атқарушыларды тендерлік іріктеу кезінде, тұрғын үйлер мен тұрғын

Ұй-коммуналдық шаруашылық объектілеріне қызмет көрсету жөніндегі шаруашылық жүргізу субъектілердің арасында бәсекелік орта қалыптастыру үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылдасын;

жергілікті жағдайларды ескере отырып, есептеу аспаптарын орнатқанға дейін халықпен өзара есеп айырысу үшін, тұрғын үй қорын ұстау және коммуналдық қызметтерді пайдалану жөніндегі шығындарды жалпы алаңын бір шаршы метрі немесе бір тұрғын, немесе отбасы есебіне жатқызуудың тәртібін айқындасын.

2. Екінші деңгейдегі банктерге халықтың су мен жылу энергиясының шығындарын есептеу аспаптарын сатып алуы және орнатуы үшін тұрғын үй-коммуналдық қызметтер мен тұрғын жайлар иелері кооперативтерінің берушілерін несиелендіруді жүзеге асыру ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі қолданылып жүрген нормативтік-техникалық құжаттамаларға ұсынылатын тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК